


«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

 Л. Бакешова



Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

 А. Айғабыл

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**«Балабақша-барлық тәрбие мен білімнің
ең алғашқы баспалдағы»**

«Балауса» МАД тобы

Тәрбиеші: А. Мустафаева

2022-2023 оқу жылы

Ашық есік күні. 23.11.2022ж.

Балаларды қабылдау;Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет балаларды тексеру,оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау.

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру;Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары;Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеті

«Санына қарай орналастыр»ойынын ойнату.

Таңертеңгі жаттығу;Қарапана айына таңертеңгі жаттығу кешені (Әнуран айту,қимыл белсенділігі.)

Таңғы ас;Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету (таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық; «Аурухана» желілі рөлді ойыны.

«Құрылысшылар»желілі рөлді ойыны.

«Асхана »желілі рөлді ойыны.

Кіріктірілген оқу іс-әрекеті.

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті:.

Тақырыбы: «0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. »

Мақсаты: Балаларға 0ден 9 дейінгі сандармен таныстыру,кері және тура санауға,логикалық есептер шығаруға үйрету..

Қажетті құрал жабдықтар мен материалдар: .

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы:

Тәрбиеші балалармен амандасалы. Көңіл күйлерің қалай?

Балалар: тамаша

Олай болса осы көңіл күймен бүгінгі оқу іс-әрекетін бастайық. Бір-бірімізге жылулық сыйлайық.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде ауа райында қандай өзгешеліктер болады? деген сұрақтарға балалар жауап береді. Апта күндерін айту. Төрт мезгілді орналастырады. Жарайсыңдар балалар.

Ойын; «Сықырлы кубиктер» балаларды шалттыққа үйрету арқылы дамытушы орталықтарға бөлу.

Ойын; «Кім епті» Сандарды ермексаз дөңгелекшелері және таяқшалар арқылы сандар құрастырады. Мақсаты: балаларды ептілікке, сандарды тани білуге үйрету.

Ойын; «Гүлдердің жапырағын санына қарай саламыз» Мақсаты: балаларды сандарды реттілігімен орналастыра білуге түстерін ажырата біледі.

Ойын; «Сандарды бейнелеу» Балаларға сандарды тасқа жазуға, реттілігімен орналастыруға үйрету.

Ойын; «Қолшатыр» Балаларға есептер шығарп үйрету.

Сергіту сәті.

Ашық микрофон арқылы оқу іс-әрекетін қортындылау.

Балалар жұмыстарын мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Қайталайды: тура және кері санайды .

Түсінеді. Өлең 9 дейінгі сандарды реттілігін.

Қолланады: есептер шығаруды.

Музыка: Музыка жетекшісі Жетеулиева.Т

Серуенге дайындық; Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

Серуен; (Желді бақылау) 2. Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі

Қимылды ойын: Ақ серек, көк серек.

Серуеннен оралу; Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету

Түскі ас; Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)

Күндізгі ұйқы; Балаларды ертегі айтып ұйықтату.

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары; Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау);

Бесін ас;Сөйлеуді дамыту— коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету(бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер; Үйірме жұмысы. «Ұлттық Асық» Үйірме жетекшісі; Беденова.Г.

Қимылды ойын.Реттілігімен секіреміз.

Құрастыру.Пішіндер құрастыру, түрлі пішіндер жасау.

Кешкі ас:(бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)

Балалардың үйіне қайтуы:Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналар

мен әңгімелесу. Сау болыңыздар балалар!

“Нурай” жеке балабагымыз



“Баларға” МАД мөһ. Аулук елк күй
 “Балабагымыз – балар мәрпәте мен өй ийитиң ең азырағы балабагымыз”
 Тәрбиячүсү А.Мусабаева



2022-2023 оқы жылы

**«Нұрай» жеке балабақшасында
ұйымдастырылған Ашық есік күні**

Анықтама

23.11.2022 жылы «Балауса» мектепалды тобында тәрбиешісі: Мустафаева Алмагул, Ата-аналардың қатысуымен.Тақырыбы:«Балабақшада-барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» атты Ашық есік күнін өткізді.

Қатысқан ата- ана саны -8, педагог-5

- 1.Қабылдау барысында ата-анамен байланыс орнатылды.
- 2.Ойын іс-әректі, баламен байланыс жүргізілді.
- 3.Ас отырғызу,гигиена шарасы орындалды
- 4.Ұйымдастырылған іс-шарасында кіріктірілген іс-әрекет ойыны арқылы ұйымдастырылды ,онда бала жасына сәйкес әдістер қолданып топқа бөлінді. Берілген ойындарды дұрыс орындауға балалар дағдыланған,үлестірмелі материалдармен, көрнекіліктермен жұмыс жасады.
- 5.Серуен,ұйқы ашар жаттығулары бір қалыпты жүргізілді.
- 6.Психолог, ән жетекші,үйірме жетекшілерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттері бір сарынды жүргізілді
- 7.Күннің екінші жартысында дербес ойындары ойнатылды, ата-анамен байланыста болып балаларды қайтарылды.

Қортынды: Ашық есік күні өте жақсы деңгейде өткізілді, алдағы уақытта осы деңгейденде жоғары өтуге сенім білдіремін.

Әдіскер:



А.Айғабыл

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

 **Л. Бакешова**

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

 **А. Айғабыл**

«Тіс щетка патшалығы»

Тәрбие сағаты

Денсаулық күні

«Балауса» МАД тобы

Тәрбиеші: А. Мустафаева

А. Айғабыл

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Тіс щетка патшалығы»

Білім беру саласы: Денсаулық

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті:

Мақсаты: Балаларға тіс күтімі туралы түсіндіру, тіс щеткасымен түрлі ойындар ойнату арқылы, тіс тазалығын үйрету.

Қажетті құрал жабдықтар мен материалдар: тіс щеткасы, үлестірімелі материалдар, ермексаз, тіс пастасы, мақта, .

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы:

Тәрбиеші балалармен амандасады. Көңіл күйлерің қалай?

Балалар: тамаша

Олай болса осы көңіл күймен бүгінгі оқу іс-әрекетін бастайық. Бір-бірімізге жылулық сыйлайық.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде ауа райында қандай өзгешеліктер болады? деген сұрақтарға балалар жауап береді. Апта күндерін екі тілде айту. Төрт мезгілді орналастырады. Жарайсындар балалар.

Балалар мен сендерге бүгін жақсы көңіл күй сыйлағым келіп тұр.

Ойын; «Көңіл күй сыйлау» балаларға түрлі күлдіргі смайликтер көрсету.

Балалар біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалық сақтауымыз керек, әсіресе тісімізді таза ұстап, күнделікті жуып отыруымыз керек екен ға.

Тағыда ойын ойнайықшы

Ойын; «Ас- адамның арқауы» Біздің денсаулығымызға, тісімізге қандай ас ішуәмәз керек екен. Тауып орналастырайық. Жарайсындар балалар.

Олай болса енді топтарға бөлініп ойын ойнайық. Бүгін кім кезекші? Балалар пішіндер арқылы топқа бөлінеді

Ойын; «Тістерді тазалаймыз»

Ойын; «Тіс пастасы арқылы тістерімізді ағартайық»

Ойын; «Санына қарай тістерді орналастырамыз»

Ойын; «Мақталарды жапсыру арқылы тісімізді ағартамыз»

Сергіту сәті.

Ашық микрофон арқылы оқу іс-әрекетін қортындылау.

Күтілетін нәтиже:

Қайталайды: денсауыққа пайдалы ас ішуді.

Түсінеді. Тістерін таза ұстауды.

Қолданады: тіс щеткасын жұмыс жасауды.



"Тіс щётка патшалығы"



"Балауса" мектепалды тобы
Тәрбиешілер: А.Мустафаева
А.Айғабыл



«Нұрай» жеке балабақшасында
Денсаулық күніне
іс-шараның өтілу барысы

АНЫҚТАМА

18.10.2022ж « Балауса»МАД топ «Тіс щетка патшалығы» атты тәрбие сағаты

Мақсаты: Мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібі туралы білім беру. Тіс күтімі туралы түсіндіру, тіс щеткасымен түрлі ойындар ойната отырып тазалықты бекіту. Балаларға деген қызығушыларын оята отырып, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен шұғылдану, уақытылы тамақтану. Балаларға тонтағы, үйдегі тазалықтары туралы айту, жеміс - жидекті жуып жеу, кол жуып деген сияқты ережемен тазалықты меңгерткен.

Қортынды. Мектеп жасына дейінгі балаларды міндетті түрде ұқыптылық пен тазалыққа, тәрбиелілікке дағдыланған. Осы жаста балалар мәдени- гигиеналық дағдыны тез қабылдап, оңай және тез игеруде. Мақсатына қарай балаларды ойын арқылы тәрбиелеуге қалыптастырылған. Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өткізілді.

Әдіскер:  Айғабыл А

«Нұрай» жеке балабақшасы



Бекітемін:

Балибакина мен ерүүлеси:
_____ И. Бакешова

Д. Бакешова

Тексерілді:

Балабақша әліскері:

А. Айғабыл

«Астыққа бай-Алтын күз»

«Балауса» МАД тобы

Тәрбиеші: А. Мустафаева

А. Айгабыл

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Астыққа бай- Алтын күз»

«Балауса» мектепалды тобы

Тәрбиешілер: Мустафаева А, Айғабыл А

Жүргізуші: Армысыздар. Ардақты қонақтар! Сіздерді бүгінгі күзгі бақта өтетін «Алтын күз» мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келдіңіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той,
Қуанышты күн біліп қой!
Күзгі бақтай сыңғырлап,
Алақанды соғып қой!

1 бала:

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады жапырлап,

2 бала:

Күн шуақтап маужырап,
Жатыр еді атырап.
Ағаштармен жамырап,
Ұшты кенет жапырақ,

Жүргізуші:

Ал балалар тұрмайық,
Қол соғайық тұрмайық.
Күзгі бақта бүгінгі,
Шырқап әнге салайық.

Жүргізуші:

Өрік, шие, алма, алша,
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз, қияр,
Сәбіз қоймаларға түседі.
Айтындаршы балалар бұл қай кезде болады?

Балалар: Күзде.

Жүргізуші:

Дұрыс балалар, енді мерекеміз қызықты өту үшін ортамызға «Күз ханшайымын» шақырайық.

Балалар бірге: (хормен барлығы дауыстап айтады)
Келші, келші алтын күз,
Келші, келші жаркын күз.
Мерекені жалғастырып,
Ойнап күлші Алтын күз!

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Балалар, тыңдандаршы, бұл не шу? (Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді. Қолында жеміске толы себет, үсті толы сары жапырақ, басында жеміс тағылған әдемі бас киім. Қасында көкөністер бар.

Күз:
Армысыңдар ма балдырғандар?!
Күзгі бақтағы қонақтар.
Өздеріңе әкелдім,
Күздің сыйын көз тартар.
Балалар: Көп рахмет сізге!

Жүргізуші: Алтын күз қош келдіңіз. Балауса тобының бүлдіршіндерінің өнерін тамашалаңыз.

Жүргізуші: 1.«Ән» «Алтын күз»
орындайтын; Талас Айзере

2.Би: «Күзгі гүлдер» биі қыздардың орындауында

Тоғжан, Айша, Айназ, Ақбота

3.Күз туралы тақпақтарға кезек берейік.

4.Би «Қырманға кел қалқатай» биі.

5.«Ән» «Жау, жау жаңбыр» орындайтындар Айназ бен Толғанай

6.Би «Осенние подорожки»

Айзере-Әбдусамат, Ақбота-Айбар, Раяна-Раян, Толғанай-Жантөре

7.Вальс.

Ислам-Аяулым, Елдос-Толғанай, Абдулла-Айзере, Нұралем-
Ақбота, Арсен-Раяна, Расул-Айназ, Ұлықбек-Асылым

Балалардың орындауында Хор «Күз»

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін, көп еңбек ету керек. Сондықтан сіздер еңбекшіл, болуларыңыз қажет. Бүгінгі күз мерекесін жақсы тойладық. Әр отбасына бак, береке әкелсін! Осымен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды, сау болыңыздар!

“Ғыппай” жеке балабақшасы



“Барыс” МАД моңы
14.11.2022 ж




2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

**Нұрай» жеке балабақшасы
Алтын күзге байланысты
іс-шарасына**

Анықтама

10.11.2022жылы «Балауса» мектепалды тобы ,балабақшада топтар арасында күз мерекесіне орай ертеңгілігінде «Астыққа бай -Алтын күз» атты іс-шара ұйымдастырылды. Ертеңгілік барысында ән, билерімен , тақпақ шумақтары жақсы орындалды. Балалар мен тәрбиеші арасында дайындық өте жақсы.. Қортынды сөзді ата-аналар балаларға алғысымен жылы лебіздерін айтып, қортындылады

Әдіскер:



А.Айғабыл

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Д. Бакешова



Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А. Айғабыл

«Ел тірегі-Тәуелсіздік»

Тәрбие сағаты

«Балауса» МАД тобы

Тәрбиеші: А. Мустафаева

А. Айғабыл

2022-2023 оқу жылы

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Ел тірегі-Тәуелсіздік»

Мақсаты:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және Туы туралы білімдерін дамыту. Балалардың сезімталдық, қиялшылық; естігенін, көргенін қайта жаңғыртып, есте сақтау, есіне түсіріп толқу, жақсылық істеуге талпыну сияқты қабілеттерін дамыту.

Өз республикасын танып –білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы (балалардың суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдер), Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

Қанатты сөз:

1. Туған жер – алтын бесік.
2. Отансыз адам - ормансыз бұл-бұл.

Ертеңгілік барысы: Ертеңгілік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады. (Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.)

- Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Яғни, біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан, өз мемлекеттік әнұраны, елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Біздің ұлттық тіліміз –қазақ тілі. Республикамыздың президенті – Н. Ә. Назарбаев.



- Балалар, мынау біздің еліміз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы– көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Тудың ортасында күннің 32 шұғыласы, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті.

Балалармен сұрақ –жауап арқылы түсінгендерін нысықтайды.

- Балалар, тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
- Күн, құс пен оюдың бейнесін көріп тұрмыз.
- Иә, өте жақсы, дұрыс айтасыңдар. Ал, енді, балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?
- Мемлекеттік туымыздың түсі - көк, көгілдір.
- Неге ұқсайды?
- Аспанға ұқсайды.
- Біздің мемлекеттік туымыз аспан түстес көк екен.

Балалардың жаттаған «Қазақстан жалауы»деген өлең жолдары тыңдалады.

Аспан түстес көгілдір,

Тік бұрышты матаның.

Ортасында төгіп нұр,

Күн жаяды шапағын.

Астында оның қалықтаған,

Қыран құстың бейнесі.

Азат елдің шалқыған,

Көңілі де білерсің.

Есте белгі ұрандар,

Сары алтындай сақталған.

Күн шұғыла қыранда,

Алтын түске қапталған.

Сол жағында матаның,

Сары түсті жолақ бар,
Мұратындай атамның,
Әсем өрнек ол ұлттық!

- Мынау біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік Елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – Елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ

поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты Тұлпар Уақыт пен Кеністікті біріктіреді. Ол - өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұскайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов. Балалармен әңгіме жүргізіліп, «Біздің елтаңба» деген тақпақ айтылады.

Алтын қанат көмкерген,
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бейне сен көрген,
Жай белгі емес ұғып ал!
Көгілдір түс аясы,
Бейбіт дала елесі.
Шаңырақ – жұрт панасы,
Уықтар -күннің сәулесі.
Сүйсіндірер өзінді,
Түсіне біл таңбаны.
Аңызда ұшқыр төзімді
Пырақ халық арманы.
Жоғарыға түсер көз,
Бес бармақты жұлдызға,
«Қазақстан» деген сөз,
Таныс барлық ұл-қызға.
Мағыналы, сымбатты,
Бар осындай белгіміз.
Маған, саған қымбатты
Елтаңбасы ол-еліміз!

СЕРГІТУ СӘТІ:

*Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз!*

-Ата –бабамыздың өткен өмір жолына біраз шолу жасап карасақ, «Не деген дархан ел, не деген төзімді де қайратты ел, не деген батыр да батыл менің елім!» деп көңілің көкке көтеріледі.

(Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ата шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп немересі шығады).

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не ойламайды дейсің! Сенің болашағыңды ойлаймын. Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

Немересі: Ата, «өткен өмір» деген не?

Атасы: Ә, балам, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, тарихи емес пе?

Немересі: Ол қандай болған?

Атасы: Ендеше тыңда, балам, атаң бір сөйлесін:

Болмаса да оқыған тарихшы атаң,
Жинадым ескілерден тарих хатын.
Мақсатым – кейінгі ұрпақ ұмытпаса,
Айтылған аталардың аманатын.
Есімі еш адамның өшпейді екен,
Артында ұрпақ жүрсе өздерінде,

Ұмыттырмас «Жеті атасын» парыз екен,

Бұрынғылар ұрпақтың қамын жеген.

«Білмеген жеті атасын жетесіз» деп,

Өткендерін қалай да білесін деген.

Сондықтан, балам, сен де өз тарихыңды, жеті атаңды білуге тиіссін. Сонау ерте кезде біздің ата - бабаларымыз 31жыл қазақ руының басын қосып, халық болып қалыптасуының негізгі болғаннан басталмай ма бұл тарих?

Менің елім – Қазақстан. Бұл әрбір дала перзентінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырып төңірегінде сан ойландым, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Құс ұясыз,

Жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды,

Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.

Тірі адамға сол қайғы,

- деп ақын ағамыз Мұқағали жырлағандай, Отаны жоқ адамдар нағыз бақытсыз жан екен. Ал, біз, қазақ халқы, нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз. Өзіміздің мемлекетіміз, тарихымыз, тіліміз, тәуелсіз еліміз бар.

Бала: Қазақстан туған өлкем.

Жер көп пе сендей көркем?

Көрсін деп күллі әлемге,

Жалауыңды желге желшем.

(Ата мен немересі шығып кетеді.)

Ойын:


«Туған жерді гүлдендір»

(Балалар алдын-ала суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп, Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады.)

Ойын:

«Қазақстан менің мекенім»

Ойын: «Көк байрағым»



-Балалар, Туған жерді гүлдендірер ұл-қызы, міне, сендерсіздер. Еліміздің келешек тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елдеріңді өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең ететін - сендер. Ол үшін терең әрі жан - жакты білімді болу - міндеттерің. «Туған жер -алтын бесік» - демекші, балалар, бүгінгі сабақта айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүюді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік - деп сабақты аяқтайық.

«Нұрай» жеке балабақшасы

«Жаңа жыл, жаңа арман»

2022-2023 жыл

(театрландырылған көрініс) сценарийі

Сценарий құрастырған Әдіскер: Айғабыл.А

2023жыл

Жаңа жыл жаңа арман» 2022-2023 жыл
(театрландырылған көрініс) сценарийі
Сценарий құрастырған Әдіскер: Айғабыл А

Кейіпкерлер: Жалмауыз кемпір, Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, (Қоян), Ескі жыл (Барыс), Шырша, Сәтте, Аққала

(Жаңа жылдық әуен ойналып тұрады сахна сыртында мыстан кемпірдің даусы естіледі.)

Мыстан кемпір: Ха-ха. Хи-хи. Қараймын, мына кішкентай ақымас адамдарда мереке скен ғой. Шыршаны безендендіріп мәз мейрам боп жатыр ғой. Ха- ха. Ал мен жалғыз мерекесіз, шыршасыз. Қап бәлем, қоя тұрындар, көрсетемін сендерге. Болдыртпаймын мерекені. Аяз атаны күтіп отырған болар.Келтіртпеймін. Аяз аталарын ертегілер елінде адасып кетеді. Ха ха –ха

Жаксылыққа келтіртпеймін

Жаңа жылға жеткізбеймін

Мен тұрғанда адамға

Мереке жоқ жылғанда

Ха-ха –ха. Хи-хи-хи

Менсіз қалай тойлайсындар Жаңа жылды. Жо жоқ мен сендерге жол бермеймін. Мен мына шыршаны бұзып тастаймын.

Сол сәтте шыршаны тартқызып жатқанда, шырша тікелесіне жабысып қалады. Сойтіп көмекке Барысты шақырады.

Көмекке Барыс келеді

Барыс:

Ырррррррррррр

Мені кім шақырды,біреудің көмекке шақырған даусын естідім ғой.

Мыстан: мені құтқаршы

Барыс:- Ой мыстан қоя тұр,алдымен мына жердегі балалармен амандасып алайын.

-Амандындарма!Сәлеметсіңдерме балалар!

-Мына жер неткен тамаша,неткен әдемі.

-Мынау не деген әсем жап-жасыл шырша.

-Балалар жаңа жыл мерекесін тойлағалы жатырмысындар!Алда келе жатқан Жаңа Жыл мерекесімен сендерді құттықтаймын.

-Әрине менің жылымда да күр алақан болған жоқсындар.Көптеген жақсы жаңалыққа қол жеткізіңіздер.Менің жылымда сендерге молшылық,тоқшылық,бақыт әкелдім.Ең бастысы 2022 жылы «Балалар жылы» деп жарияланды.Және де ең басты жаңалығымыз Еліміздің басшысы «Президентіміз» сайланды.Тағы да бір жақсы жаңалық біздің «Нұрай» балабақшымыз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. 2022 жылы обл төнірегінде семинар өтіп «Нұрай» балабақшымыз облыстан ең жоғары деңгейде дипломдармен марапатталды. Әрине бұлардың бәрі «Нұрай» балабақшымыз жетістігі. -Ал енді балалар шыршамыздың сәнін келтіру үшін мыстанға көмектесіп, босатайық.

-Ал , мыстан абайла қаз сені тартып аламын.

Әрі бері тартып мыстан босатылмады, тарталмаған барыс тағы көмекке достарын шақырады

Көмекк Аққала келеді

Аққала:УАУ недеген әсем шырша,қандай тамаша тек мен жетіспей тұрмын.

-Балалар недеген сәнденіп киініп алыңсындар ,шырша тойын тойлайсындарма менде сендермен тойлайыншы

Барыс: Әй Аққала кел бері бізге көмек бер ,мына мыстанды құтқарайық

Аққала: -Жоқ мен мыстанға көмек бермеймін ,ол зұлым мыстан

Мыстан: Көмектесші мен енді зұлым болмаймын,осы шыршадан босатсаңдар сендердің жақсылықтарыңды ұмытпаймын

Аққала көмектеспекші болады ,бірақ әлі келмеді . Нестерін білмей шаршап кетеді. Бір кезде Аққаланы іздеп Ақшақар келеді.

Ақшақар : -УАУ, УАУУ неткен тамаша ертегі әлемі ,орманда мынадай әсем шырша көрмеңің , неткен сүйкімді балақайлар .

-Мен Аққаланы іздеп келемін ,сендер көрдіңдерме?

Аққалы: -Мен мындамын.- бізге көмек керек

Ақшақар: -Қиын жағдайға түскен екенсіңдер , мен сендерге көмек бере алмаймын менің әлім келмейді

-Сендерге тек Аяз-ата көмек береді,Басқа ертегі әлемінде жүр

-Ендеше Аяз-атамызды шақырайық

Аяз-ата.Аяз-ата деп балалар шақырады.

Аяз ата:

Саламатсыңдар ма балалар!

Армысындар қадірлі қонақтар!

Шыршаға танылып нестеп тұрсындар, жаңа жыл тойымызды бастайық

Содан сиқырлы таяғымен шырша шамын жағады, сол кезде мыстан шыршадан ажырайды

Барыс: Неткен керемет күш ертелі біз тартып ажыраталмай тұрған мыстан лезде ажыратты. Шырша шамы жаңғаның күтіп тұр екен.

Мыстан: -Балалар мені кешіріңдерші мен сендерге қиянат жасамаймын Жаңа жылды тойын бұзбаймын мен енді мейрімді боламын

Аққала: Бәріміз татулығымыз, бірлігіміз жарасқан достар болайық. Кешірімшіл мерімді болайық

Барыс: Ой балалар менін де сендермен бірер уақыттап кейін қолтасатын кез келді. Сендерге көп рахмет айтамын. Алдымыздағы қоян жылы сендерге жайлы жыл болып, аспанымыз мәңгі ашық, әр отбасыға берекелі жыл болып, татулық, тыныштық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жыл болсын.

Аяз-ата: Ал балалар Жаңа жылды қарсы алып.

Қуанышпен шаттыққа кенелейік

Жадырап ән шырқап тербелейік.

Кел жаңа жыл, шық жоғары төрлет төрімізге

Береке бірлік әкел елімізге

Ақша қар : Төрле, төрле құтты жыл

Қуаныштан айтылады әсем жыр

Балалардың бақытында шек болмай

Жүректері қуаныштан толқып тұр.

Ән «Аяз ата»

Аяз ата: Ал енді балалардың көңілін көтеру үшін ойынымызды бастайық! (Ақшақар мен би орындайды.)

Ортада билер, әндер шырқалады

Аяз ата: Міне Жаңа жылымызда келді. Балалар қарсы алыңдар. Жаңа жылда бақытты күндерін көп болсын.

Музыка әуенімен қоян кіреді

Қоян:-

-Аман болсын халқымыз

Арта берсін данқымыз.

Дәми берсін үздіксіз.

Жаңа дәстүр -салтымыз.

-Менде қарларымды домалатып балақайларға қуаныш пен шаттық сыйлайын деп келіп қалдым.

- Қандай әдемі балақайлар! Киімдері қандай әдемі!Өздері де керемет екен!

-Өсем кештің ажары

Өсем биеіз кірмейді

Кіп-кішкентай биіктер.

Көжектермен билейміз.

-Қане менің кішкентай көжектерім қайда екен? Сүн-сүйкімді көжектерім,момақандарым менің,аппак болған көжектерім!

Аяз ата:Ал енді менің сендермен қоштасатын уақытым болды. Қош сау болыңдар балалар.

Күлкісімен жеткізіп бабаға сыр

Қуаныштан салады балада асыр

Жұмбақтанып, жаңыма жырды ақтарып

Елімізге қош келдің жаңа ғасыр.

Аяз ата және қар:Сау болыңдар балалар!

Нұрай» жеке балабақшасы

Жаңа жыл ертеңгілігі

Анықтама

28.12.2022ж «Балауса» мектепалды тобы

Тәрбиешілері: Айгабыл.А, Мустафаева.А

Тақырыбы: «Жаңа жыл, жаңа арман»

Ертеңгілік барысында ән, билерімен, тақпақ шумақтары жақсы орындалды. Тәрбиеші балалармен бірге әртүрлі маскарадның киімдерімен бірлесе жүріп билеп жүрді. Балалар мен тәрбиеші арасында дайындық өте жақсы. Қортынды сөзді ата-аналар балаларға алғысымен жылы лебіздерін айтып, қортындылады

Әдіскер:




А.Айгабыл



ЖШС «Нұрай» жеке балабақшасы

Тексерілді:
Балабақша меңгерушісі: Л. Бакешова

Бекітілді: 
Балабақша әдіскері: А. Айғабыл

«Қош келдің, Өз Наурыз!»

«Балнұр» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Жәдігер С.

Сағындыкова М.

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

Мақсаты: Халықтың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету. Балалардың санасына халқына деген мақтаныш сезімін ұялату, ана тілін, оның тарихын, өнерін, мәдениетін кастерлеуге, қазақтың салт -дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту.

1жүргізуші: Келіңіздер, Наурыз күнін қарсы алайық
Билейік, жыр жырлайық, ән салайық
Қаһарлы қыстан өтіп, Наурыз келді
Арқанды кеңге салшы, уа халайық!

2жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Түркі халықтарына дәстүрге айналған Ұлыстың Ұлы күні Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жана жыл келді! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық пен қуаныш сыйласын!

1жүргізуші: Бүгінгі күн ұлы күн, ақ түйенің қарны жарылған күн! Әрине осындай мерекесі Наурыз ана мен Қыдыр атаның батасынсыз қалай тойламақпыз?! Ырыс пен берекенің себепшісі Наурыз ана мен Қыдыр атаны қарсы алайық!

Наурыз ана мен Қыдыр ата келеді.

Наурыз ана: Армысыздар, халайық! Баршаңызды Наурыз тойының бастауы «Амал мерекесімен» құттықтаймын! Ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді-жыл келді» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша осы күні қыста аман шыққан жұртымыз төс қағысып көріскен. Жанымыздағы жандармен төс қағысып қоялық! Алдағы жыл мерекелі де берекелі болсын!

2жүргізуші: Қыдыр ата, Әйтеке би ауылының дүбірлі Наурыз тойына қош келдіңіз! Бүгінгі думанды бастамас бұрын өзіңізден бата алайық!

Қыдыр ата: Армысыңдар балалар, құрметті қонақтар! Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын!
Сұрасаң бата берейін
Үстем болсын мерейін
Ықыласпен қол жайсаң
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын
Ұлыс ақты болсын
Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

Жүргізуші: Құрметті Наурыз ана, Қыдыр ата төрімізге жайғасыңыздар! Қазақ халқы салт-дәстүрге бай халық. Шыр етіп дүниеге сәби келген сәттен бастап әр кезеңге аса мән беріп, көңіл бөлген. Соның ең алғашқысы сәбиді бесікке салу салты. Бесік – кішкентай сәбидің киелі мекені саналады.

2жүргізуші: Уа, халайық! Әйтеке би ауылында үлкен қуаныш! Роза анамыздың шаңырағында сәби дүниеге келді! Дүниеге келген нәресте бір үйдің ғана емес, бүкіл ауылдың қуанышы. Осындай айтулы мереке қарсаңында бесікке салу салтына кезек береміз!

Бесікке салу: Әлтаир мамасы, Марал Айша әжесі, Томирис мамасы, Кәусар мамасы, Алман Асылжан әжесі

1жүргізуші: Келіңіздер, Наурыз күнін қарсы алайық
Билейік, жыр жырлайық, ән салайық
Қаһарлы қыстан өтіп, Наурыз келді
Арқанды кенге салшы, уа халайық!

Ортада өнерлі аруларымыздың биін тамашалаңыздар!

Би: «Көктем» қыздар биі

2жүргізуші: Қазақ халқында балаға қатысты наным-сенім, салт дәстүрлер өте көп. Жалпы бала дүниеге келгеннен бастап есейген шағына дейін 20 шақты әдет-ғұрып жасалады. Соның бірі – тұсау кесер. Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек, болашақта жығылғыш болады деп пайымдаған. Ал тұсауы кесілген бала біреудің ала жібін аттамайтын адал, жолы ашық болады деп санаған. Ендеше ортада тұсау кесер рәсіміне кезек берейік.

Тұсау кесу: Мадияр мамасы, Нурия мамасы, Н.Медина мамасы,

1жүргізуші: Қазақтың ұлттық ойындар түрлері өте көп. Олар аңға байланысты, түрлі заттармен ойналатын болады. Ойын түрлері зеректікті, ептілікті, және икемділікті талап етеді. Ойынның бала үшін маңызы зор. Ендеше ер балалардың білек күшінің сыналар кезеңі келді. Балаларымыздың мықтылығын көрейік. Ортада ер балалардың арқан тартысын тамашалайық.

Арқан тартыс: Барлық ұлдар шығады.

1жүргізуші: Айтыс – қазақ ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр. Топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Ал бүгінгідей думанды тойда айтыс болмауы дұрыс болмас. Ортада ауылымыздың ибалы келіндерінің айтысы тамашалаңыздар!

Айтыс: Азиз мамасы мен Әмина мамасы.

2жүргізуші: Қонақжайлылық – қазақтың ең ерекше қасиеттерінің бірі. Қазақ халқы келген қонақты қақ төріне шығарып, көңілінен шығуға тырысқан. Әрбір қазақтың кең дастарханында нан, қымыз-қымыран, шұбат айран міндетті түрде болатын болған. Қазақ халқы төрт түлік малды мінсе көлік, шөлдегенге сусын, кең дастарханның сәнін

елтірер тағамы ретінде қастерлеген. Ендеше ұлттық тағам түрлерімен таныса отырайық.

Ұлттық тағам: Заира мамасы.

1жүргізуші: Уа халайық, халайық!

Өсем әнге салайық

Наурыз тойын көңілді

Бірге қарсы алайық!

Ортада Гүлнафис анамызды шақырайық. Күйші Әбдімомын Желдібаевтың күйі «Ерке сылқым» күйін қабыл алыңыздар!

Әбдімомын Желдібаев «Ерке сылқым» күйі

Гүлнафис

2жүргізуші: Халқымыз ер бала тәрбиесіне аса мән берген. Ер баланы 5-6 жасқа келгеннен атқа мінігізу жоралғысы жасалған. Осы орайда ер балаға ат әбзелдерімен таныстыру маңызды. Атадан балаға мұра болып қалар ер тоқым, ат әбзелдерімен таныстыру үшін ортаға Иман-Жүсіп пен әкесі Талғат мырзаны шақырамыз.

Ер тоқыммен таныстыру: Иман напасымен.

1жүргізуші: Наурыз келді құт болып

Мына бізге сүт болып

Аққа ауымыз толады

Бар жақсылық болады.

Думанды тойымыз да соңына жетіп қалды. Наурыз ана, Қыдыр ата сіздердің мерекелік ақ тілектеріңізді тыңдасақ, балаларға батаңызды беріңіздер!

Наурыз ана мен Қыдыр ата шығып кетеді!

2жүргізуші: Наурыз келді еліме

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне!

Бүгінгі Әйтеке би ауылының думанды тойы өз мәресіне жетті. Мерекелік жылы лебізін тыңдау үшін Лаура Қоныскызына сөз кезегін береміз!

Баршаңызды ақ дастархан басына шақырамыз. Дәмнен ала отырып үлкендердің ақ батасын алайық. Тағы да баршаңызға мереке құтты болсын!

Ков кеңигүз Әз наурпыз!



"Башкуп" опинагыз моңы



Өлөп-өмүлүңер: Жаштар Өз Дауруңарга ба М

«Нұрай» жеке балабақшасы
Ұлыстың ұлы күні- Наурыз
күніне орай іс-шара ертеңгілігіне

Анықтама

15.03.2023 жылы «Балнұр» тобының

Тәрбиеші: Сағындыкова М, Жәдігер С

Тақырыбы: «Қош келдің, Әз Наурыз»

Ертеңгілік барысында ән, билерімен, қазақтың ұлттық ойындарын ойнату, Бесікке салу, тұсау кесу, айтыс, билердің ауылы, ұлттық ойындардың қазақ салт дәстүрін таныстырды, өте тамаша орындалып шықты. Балалар мен тәрбиеші арасында дайындық өте жақсы. Қортынды сөзді меңгеруші Лаура Қонысқызы балаларға алғысын айттып, балаларға жылы лебіздерін білдіріп, ата, әжеселердің ақ батасын балаларға беріп қортындылады.

Әдіскер:



А.Айгабыл